ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

ӘОЖ 373.3: 908; МҒТАР 14.25.00
https://doi.org/10.47526/3107-3123.416

Қ. ҚҰРМАНБЕКҰЛЫ [1] , А.М. КАРТАЕВА [✉1], Қ.Т. БАРБОСЫНОВА [1]
[1]С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
✉e-mail: kartaeva2011@mail.ru

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИ ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада мектеп оқушыларына әдеби-туристік білім мен құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеу жұмысы қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасында туризмді, соның ішінде рухани-мәдени және әдеби туризмді дамыту мәселелерімен сабақтастырыла талданады. Автор Шығыс Қазақстан облысын еліміздің табиғи сұлулығы мен тарихи-мәдени әлеуеті жоғары өңірі ретінде сипаттай отырып, оның әдеби және лингвистикалық туризм тұрғысынан зерттелу қажеттілігін негіздейді.

Мақалада өңірдің мәдени және тарихи ескерткіштерін, киелі жерлерін, әдеби тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына қатысты нысандарды, топонимдер мен оларға қатысты аңыз-әңгімелерді оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдаланудың жолдары талданады. Автор туристік бағыттар айқындалғанымен, оларға қатысты кешенді әдеби-өлкетанулық және топонимиялық жолсілтемелер мен цифрлы ресурстардың жеткіліксіз екенін атап өтеді. Осы тұрғыдан алғанда, Шығыс Қазақстанның топонимдерінің шығу тегін, мағыналық сипатын және солармен байланысты аңыздарды зерттеу өңірдің әдеби және лингвистикалық туризмін дамытуда маңызды рөл атқаратыны дәлелденеді.

Мектеп оқушыларына арналған әдеби-туристік білім беру жүйесі тұлғаның ұлттық құндылықтарды тануына, туған жер тарихы мен мәдени мұрасын құрметтеуге тәрбиелеуге бағытталғаны айқындалады. Әдеби туризмнің тәрбиелік және танымдық қызметі, оның тұлғаның рухани және мәдени дамуына ықпалы ғылыми тұрғыдан дәйектеледі. Мақалада әдеби туризмнің негізгі формалары мен бағыттары, экскурсиялық және өлкетанулық іс-шаралардың мазмұны сипатталып, олардың мектептегі білім беру мен тәрбие жұмысына интеграциялану жолдары көрсетіледі.

Сонымен қатар, мектеп кітапханаларының әдеби-өлкетанулық және мәдени-ағартушылық бағыттағы қызметінің оқушылардың шығармашылық ойлауын, туған жерге сүйіспеншілігін арттырудағы рөлі айқындалады. Авторлар мектеп оқушыларына арналған әдеби-туристік іс-шаралардың мазмұнын, құрылымын және ұйымдастыру тетіктерін ғылыми негізде талдап көрсетеді.

Кілт сөздер: әдеби туризм, туристік-өлкетану, мектеп, әдеби мұра, топоним, аңыз әңгімелер.

---

* ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
Құрманбекұлы Қ., Картаева А.М., Барбосынова Қ.Т. Мектеп оқушыларының әдеби туристік-өлкетану білімін қалыптастырудың жолдары // *Yassawi Journal of Education Studies.* – 2026. – №3 (141). – Б. 196-208. https://doi.org/10.47526/3107-3123.416

****Cite us correctly:***
Qurmanbekuly Q., Kartaeva A.M., Barbosynova Q.T. Mektep oqushylarynyn adebi turistik-olketanu bilimin qalyptastyrudyn zholdary [Ways of Forming Literary Tourism and Local History Education at School] // *Yassawi Journal of Education Studies*. – 2026. – №3 (141). – B. 196-208. https://doi.org/10.47526/3107-3123.416

Мақаланың редакцияға түскен күні 03.12.2025 / қабылданған күні 30.09.2026

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

Кіріспе

Қазіргі уақытта Қазақстанда туризмді дамыту өте өзекті және қажет болып отыр. Шығыс Қазақстан облысы – бұл бірегей мәдени және тарихи орындарға, сондай-ақ саяхатшыларды қызықтыратын туристік қызметтерге бай аймақ. Шығыс Қазақстан облысы туризмді дамыту үшін Қазақстанның ең болашағы зор және тартымды өңірлерінің бірі болып саналады. Ежелден ата-бабаларымыз мекендеген Шығыс Қазақстан өңірі өзінің қазына байлығымен, әсем табиғатымен, сұлу көркімен әлемге танылып келе жатыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» [1] атты 2024 жылы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Катонқарағай, Зайсан, Кендірлі өңірлерінің де туристік әлеуетін дұрыс пайдалану қажет», - деп Шығыс Қазақстанның туризмін арттыру жөнінде нақтылы міндеттер қойды. Ел Президенті Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамыту қажеттігін айта келіп, Катонқарағай мен Зайсан аудандарын туристік аймаққа жатқызды.

Шығыс Қазақстан өңірі – туризмді дамытуда Қазақстанның келешегі мол және тартымды өлкесінің бірі. Туристерді қызықтыратын көптеген баға жетпес мәдени және тарихи ескерткіштері, туристік қызметтердің сан алуан түрлері бар кең аумақ. Сақ, ғұн қорғандары, археологиялық олжалар, сондай-ақ осы өңірдегі әрбір тау, тас, өзен-көлдер ғасырлар қойнауын сақтай отырып, бай тарихтың сырын ашады. Сонымен бірге мәдени мұраға бай аймақтар туризм тұрғысынан экономикалық даму мен өсудің үлкен әлеуетіне ие. Мұндай аймақтар туристерді тек тарихи және мәдени ескерткіштерімен ғана емес, табиғи сұлулығымен де тартады.

Туристердің қызығушылығын тудыратын мұндай бағыттар жергілікті экономикаға үлес қосумен қатар мәдени мұраны сақтау мен тұрақты туризмді дамытуда маңызды рөл атқарады. Осы аймақтың киелі жерлеріне қатысты аңыз әңгімелерді жинап, оларды цифрлы нұсқамен туристерге даярлау қажет болып отыр. Өлкенің тамаша табиғатын, оның ішінде киелі жерлерге қатысты аңыздар мен сұлу табиғат көрінісін суреттеген қаламгерлер шығармаларын жинақтауды, арнайы кешенді ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

Табиғаты тамаша осы өңірлерге келген саяхатшыларға, болашақта келетін жиһангездерге арналған арнайы туристік бағыттар анықталғанмен, оларға өлке туралы, жол туралы, ел туралы мәлімет беретін кешенді жолсілтеме жасалмаған. Ол туристік маршруттарды жалаң бейнелеп қана қоймайды, әр топонимнің этимологиясын ашу арқылы ел мен жердің тарихынан, географиясынан, тілінен мәліметтер беріп, танымдық қызмет те атқарады.

Өлкенің киелі жерлерін сипаттайтын көркем туындыларға, туристік орындарға байланысты ел арасында сақталған аңыздарға кешенді зерттеу жүргізу – қазіргі ұлттық әдебиеттану ғылымының өзекті мәселесі болып табылады. Әдеби және лингвистикалық кешенді жұмыс нәтижелерін туризм саласында да тиімді пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – мектеп оқушыларына әдеби-туристік және өлкетанулық білім берудің теориялық және әдістемелік негіздерін айқындау, Шығыс Қазақстан өңірінің әдеби, мәдени және топонимиялық ресурстарын оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдаланудың ғылыми-әдістемелік жолдарын ұсыну.

Зерттеу мақсатына сәйкес төмендегідей міндеттер қойылды:

- әдеби-туристік білім мен құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздерін қарастыру;
- Қазақстандағы, соның ішінде Шығыс Қазақстан өңіріндегі әдеби және рухани-мәдени туризмнің даму жағдайын талдау;
- өңірдің тарихи-мәдени ескерткіштері, киелі орындары мен топонимиялық жүйесін оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың мүмкіндіктерін анықтау;
- әдеби тұлғалар өмірі мен шығармашылығына қатысты нысандарды білім беру мазмұнына енгізу жолдарын айқындау;

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

- әдеби-өлкетанулық және экскурсиялық іс-шаралардың мектеп оқушыларының рухани-танымдық дамуына әсерін зерделеу;
- мектеп кітапханаларының әдеби-өлкетанулық қызметін жетілдірудің әдістемелік негіздерін қарастыру.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы төмендегі бағыттармен айқындалады:

- мектеп оқушыларының әдеби-туристік-өлкетанулық білімін қалыптастырудың тұтас педагогикалық-әдістемелік моделі ұсынылды;
- Шығыс Қазақстан өңірінің әдеби, мәдени және топонимиялық ресурстарын білім беру үдерісіне интеграциялаудың ғылыми негіздері айқындалды;
- әдеби туризмнің мектеп оқушыларының рухани-танымдық және ұлттық құндылықтық тәрбиесіне ықпалы ғылыми тұрғыдан дәлелденді;
- өңірлік әдеби-туристік маршруттарды оқу-тәрбие үдерісімен байланыстырудың инновациялық тәсілдері негізделді.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Шығыс Қазақстандағы әдеби және лингвистикалық туризмі – өңірдің бай әдеби мұрасын, тілдік құндылықтарын және жер-су атауларын біртұтас туристік бағдарға тоғыстыратын ауқымды сала болып табылады. Соған сәйкес Шығыс Қазақстан топонимдерінің шығу тегі мен олармен байланысты аңыздарды жинақтау арқылы өңірдің әдеби және лингвистикалық туризм бағыттарын зерттеу қажет болып отыр.

Бұған дейін Шығыс Қазақстанның топонимикасына қатысты көптеген зерттеу еңбектері жүргізілді, атап айтқанда Г.Б. Мәдиева [2], Б.Н. Бияров [3], А.А. Алимхан [4]. Г. Мәдиеваның еңбегінде Шығыс Қазақстан облысындағы су, бұлақ, өзен-көлдердің аттары (гидронимдер), Б.Н. Бияровтың еңбегінде Шығыс Қазақстан облысында орналасқан Өр Алтайдың (Оңтүстік Алтай, Қазақ Алтайы) тау, шоқы, төбе, т.б. аттары (оронимдер), А.А. Алимхан еңбегінде Шығыс Қазақстан облысының оңтүстік (Зайсан, Күршім, Тарбағатай) аудандарындағы топонимдер жинақталып берілді. Жоғарыда аталған еңбектерде Шығыс Қазақстанның гидорнимдерін, оронимдерін лексика-семантикалық топтарға бөлу тұрғысынан қарастырып, этимологиялық талдаулар жасалды. «Қазақ ғылымында бұрын топонимика лексикологияның жер-су аттарын зерттейтін бір саласы деп танылып келсе, соңғы жылдары ол география, тарих және лингвистиканың түйіскен жерінде пайда болып, жеке ғылым ретінде қалыптасып келеді» [5, 155-б.].

Шығыс Қазақстанның аңыз-әпсаналары туралы академик С.А. Қасқабасов [6], Б.Б. Келгембаева [7] және т.б. ғалымдар зерттеу жұмыстарын жазды. С. Қасқабасов фольклортану ғылымында алғаш рет аңыз, әпсана, хикая деп бір жанрға жинақтап, аңыздық проза деп атайды. Соның ішінде, топонимдік аңыздарға тоқталып оның орындалу түрлерін талдайды. Ал Б. Келгембаева Шығыс Қазақстанның әпсаналарын жинақтап, олардың тарихы мен табиғатына тоқталады. Алайда Шығыс Қазақстанның туристік бағыттары тұрғысынан тіл білімі мен әдебиеттануда зерттеулер жоқ десек болады. Қоғамымыздың рухани, интеллектуалдық және мәдени дамуы, отандық ғылымның өркендеуі, жаңадан ашылып, ғылыми айналымға енгізілген көптеген әдеби ескерткіштер, сондай-ақ ғылымдағы әлемдік тенденциялар Шығыс Қазақстанның әдеби және лингвистикалық мұралары арқылы туризмді дамыту жолдарын зерттеп, ғылыми талдауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №262 қаулысында [8] «Мәдени туризм», «Агротуризм», «Оқиғалық туризм», «Интернет-технологиялар» бойынша туризмді дамытудың жолдары және алғышарттары көрсетілген. Осы қаулыда: «Қазақстанның табиғи, мәдени және өзге де көрікті жерлерімен байланысты қазақ аңыздарының суретті жинақтарын шығару» қажеттілігі айтылған [8].

Әдеби туризмнің дамуына қатысты теориялық және практикалық зерттеулер көп емес. Бұл бағыттағы ғылыми еңбектерде әдеби-мәдени туризмнің мазмұны, оның мәдени туризм

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

жүйесіндегі орны мен маңызы жан-жақты қарастырылады. Шетелдік зерттеушілердің, атап айтқанда К.В. Асламова, Е.В. Винтайкина, А.Ш. Галустян, К.Е. Карасев, Т.А. Силаева және т.б. еңбектерінде әдеби-мәдени туризмнің теориялық негіздері мен оның танымдық, мәдени және тәрбиелік әлеуеті сөз болады. Зерттеуші Т.А. Силаева әдеби туризмді мәдени-танымдық туризмнің мамандандырылған бір түрі ретінде қарастырып, оны әдеби шығармаларда бейнеленген мекендермен, тарихи оқиғалармен, сондай-ақ сол туындылардың авторларының өмірі мен шығармашылығына қатысты орындармен байланысты туризм түрі ретінде сипаттайды. Ғалымның пікірінше, әдеби туризм белгілі бір әдеби туындының мазмұнында көрініс тапқан кеңістікті тануға, жазушы өмір сүрген немесе шығармашылықпен айналысқан орындарды көруге бағытталған мәдени-танымдық әрекет болып табылады [9, 201–204-бб.].

Сонымен қатар мәдени туризмнің әлемдік экономикаға ықпалына қатысты зерттеулерде мәдениет пен мәдени туризмді демократияландыру үдерісінің күшейіп келе жатқандығы атап көрсетіледі. Бұл үдеріс мәдени құндылықтарды кеңінен насихаттауға, халықтардың тарихи-мәдени мұрасын сақтауға және оны туристік ресурс ретінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Зерттеушілер Erol Kocoglu мен Sule Eguz өз ғылыми еңбектерінде Түркиядағы мәдени мұраны сақтау үдерісінде әлеуметтік білім берудің маңызы мен оның туризм саласымен өзара байланысын қарастырады. Авторлар мәдени мұраны қорғау мен дамытуда қоғамның мәдени санасын қалыптастырудың, білім беру жүйесі арқылы тарихи-мәдени құндылықтарды насихаттаудың маңыздылығын атап өтеді [10, 851–868-бб.]. Ал Mehmet Veysi Babayigit туризм мен тілдің өзара байланысын талдай отырып, туризмнің тілдік мұраны сақтаудағы, мәдени құндылықтарды қорғаудағы, ұлттық және жергілікті бірегейлікті қалыптастырудағы, сондай-ақ тұрақты дамуды қамтамасыз етудегі рөлін айқындайды. Оның пікірінше, тілдік және мәдени мұра туристік қызметтің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және оларды сақтау туризмнің тұрақты дамуына ықпал етеді [11, 195–203-бб.].

Xueyin Wang және Metta Sirisuk жүргізген зерттеуде Қытайдағы Шифосы ауылының тарихи-мәдени мұрасы, табиғи ландшафты және білім беру әлеуеті мәдени туризмді дамытуға қолайлы негіз қалыптастыратыны анықталған. Сонымен қатар авторлар мәдени мұраны сақтау мен қазіргі заманғы туризм талаптарының арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету мәселесінің өзектілігін атап өтеді [12, 419–425-бб.].

Ал Ngo Sy Trung, Le Ngoc Hai, Tran Thi Tuyet Mai еңбектерінде Вьетнамдағы мәдени туризмнің қазіргі жағдайы мен оның дамуына әсер ететін негізгі факторлар талданады. Атап айтқанда, мәдени туризмді дамытудағы адам ресурстарының рөлі мен мәдени өнімдердің маңыздылығы ғылыми тұрғыдан негізделеді [13, 921–930-бб.].

Жалпы алғанда, аталған зерттеулер мәдени және әдеби туризмнің теориялық негіздерін айқындап, оның мәдени мұраны сақтау мен қоғамның рухани дамуына ықпал ететін маңызды бағыт екенін көрсетеді. Алайда Шығыс Қазақстан өңірінің әдеби мұрасы мен топонимдерін кешенді түрде зерттеу арқылы туристік бағыттарды дамыту мәселесіне арналған арнайы ғылыми еңбектер әлі де жеткіліксіз.

Осыған байланысты аталған ғылыми мақалада өңірдің әдеби мұрасын туристік тұрғыдан таныстырудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылып, мектептегі білім беру үдерісінде туристік-өлкетану білімін қалыптастырудың тиімді жолдары талданады. Сонымен қатар Шығыс Қазақстанның әдеби-мәдени нысандарын, тарихи орындарын және топонимиялық кеңістігін оқу-тәрбие жұмыстары мен туристік бағыттарды ұйымдастыруда пайдалану мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан негізделеді.

Зерттеу жұмысының барысында салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-сипаттау, салғастырмалы-типологиялық әдістеріне басымдылық беріледі, лингвистикалық талдаудың жинақтау, жүйелеу, сұрыптау, әдеби талдаудың жинақтау, саралау, тұжырымдау, текстологиялық, фольклорлық және т.б. тәсілдері қолданылады. Сондай-ақ, топонимдік

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

зерттеу парадигмасы аясындағы текстологиялық, диахронды және синхронды зерттеу әдістері назарға алынады. Зерттеу бағытына қарай әдеби-лингвистикалық әдіснаманы құрайтын пәнаралық-әдіснамалық сабақтастық қолданылады.

Талдау мен нәтижелер

Еліңді тану – өлкеңді танудан басталады. Әр адам өзі тұрып жатқан кіші Отанының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдебиетін білуге міндетті. Қазіргі уақытта «өлкетану», «өңіртану» мәселесі қолға алына бастады. Әркім өзінің өскен ортасын, өлкенің тарихын, сол жердің ойпаты мен қырын танып білу керек. «Өлкетану дегеніміз көлемі жағынан шағын белгілі бір аумақтарды (аудандар, облыстар, өлкелер, т.б.) жан-жақты оқып білумен, зерттеумен айналысатын жұмыстардың жиынтығы екені белгілі. Өлкетанудың зерттеу нысандарын, жалпы өлкетануды кешенді бір-бірімен байланысты дүние ретінде қараған жөн. Өлкетану бойынша жүргізілетін зерттеулер мен бақылаулар шаруашылықтық, ғылыми, әлеуметтік тағы да басқа арнайы тапсырыстар түрінде болуы мүмкін және сол жер үшін тікелей практикалық маңыздылыққа ие болады» [14, 52-б.].

Әдеби өлкетану – белгілі бір аймақтың әдебиет тарихын, даму сипатын, дәстүр сабақтастығын, әдеби үрдісін зерттейтін сала. Әдеби өлкетанудың негізгі мәселелері жалпы әдебиеттану саласының теориялық және практикалық мәселелерімен астасып, қай кезеңде де ұлттың рухани құндылығы ретінде маңызды рөл атқаратын әдеби, мәдени мұраларды тың деректермен толықтырып, отандық және жалпы әлемдік әдебиеттанудың дамуына өзіндік үлес қосады. Әдеби өлкетану идеяларын экология, туризм саласында да тиімді пайдалануға болады. Шығыс Қазақстан өңірінде экологиялық туризмді дамыту жалпы Қазақстанда туризмді арттыруда маңызды орын алады.

Шығыс Қазақстанның әдеби мұрасы – халықтың әдеби-тарихи, географиялық құбылыстардың кеңістіктегі көрінісін бейнелеудің нәтижесі.

Қазақ прозасында Шығыс Қазақстан өңірі жазушыларының шығармашылығы мазмұн ерекшелігімен, жазу стилімен дараланады. Көркем сөз зергерлері О. Бөкей, Қ. Ысқақ, Ә. Асқаров, Д. Әшімханов, К. Сегізбаев, Т. Ахметжан, А. Алтай, М. Қабанбаев, М. Құмарбеков, т.б. қаламгерлер дүниеге келген Қазақстанның шығыс өңірі – тамаша табиғатымен танылған аймақ.

Алтайдың сұлу көркі XX ғасыр басындағы белгілі ақын-жазушылар С. Торайғыровтың, Ж. Аймауытовтың, М. Жұмабаевтың, С. Сейфуллиннің, И. Байзақовтың, Ғ. Қайырбековтың туындыларында суреттеледі. Өлкенің тамаша табиғаты мен адамдарын, өмір-тіршілігін бейнелеген қаламгерлер шығармашылығына кешенді зерттеу жүргізу – қазіргі ұлттық әдебиеттану ғылымының өзекті мәселесі болып табылады.

Зерттеу жүргізу әдеби өлкетанулық, фольклорлық ғылыми-практикалық деректерді іссапарлар мен әдеби-мәдени экспедициялар барысында хронологиялық, сұрыптау, іріктеу, салыстырмалы-тарихи, әдеби-теориялық және мәтіндік талдау, т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

«Әдеби туризм» - әдеби шығармаларда сипатталған жерлерге барумен, сондай-ақ осы шығармалардың авторларының шығармашылығымен танысатын мәдени туризмнің бір түрі. Бүкіләлемдік әдеби шығармашылықпен байланысты жерлерге баруды мақсат ететін туризмнің бір түрі» [15]. Туризмнің бұл түрі әлемнің түкпір-түкпірінен көптеген адамдарды өзіне тартады. Бұл әдеби туризм бойынша туристерді киелі жерлермен, сол өңірдің мәдени мұраларымен, тарихи ескерткіштерімен, ақын-жазушылар өмірімен, шығармашылығымен таныстыру арқылы жүзеге асады. Қаламгерлер шығармаларындағы киелі жерлерге қатысты аңыздар мен аймақтық әдебиеттегі көрікті өлкенің табиғатын бейнелеу шеберлігіне зерттеулер жүргізіледі.

Әдеби туризм – мәдени мұра мен рухани құндылықтарды саяхаттар мен экскурсиялар арқылы танып-білуге және игеруге бағытталған танымдық іс-әрекет түрі. Бұл құбылысты белгілі бір елдің тарихымен, әдебиетімен, салт-дәстүрімен, рухани және діни


ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

құндылықтарымен танысуға мүмкіндік беретін мәдени-танымдық жүйе ретінде қарастыруға болады. Әдеби туризмнің негізін елдің тарихи-мәдени әлеуеті құрайды, оған ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тұрмыстық және экономикалық қызметтің өзіндік ерекшеліктері енеді.

«Мәдени мұраны болашақ ұрпаққа жеткізу мәдени мұра білімін беру арқылы жүзеге асады. Бұл процесс ұлттық мәдени бірегейлікті сақтауда және тарихи сабақтастықты қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие. Сондықтан білім беру жүйесінде мәдени мұра білімін күшейту және оқушыларда мәдени мұраға деген жауапкершілік қалыптастыру – маңызды міндет» [10, 852-б.].

Қазіргі кезеңде әдеби туризм әлемдік деңгейде айтарлықтай қарқынмен дамып келеді. Бұл бағыттың кеңеюі нәтижесінде туристік қызметтің көптеген формалары, түрлері мен сегменттері қалыптасқан. Дегенмен, осы уақытқа дейін әдеби туризмнің бірыңғай ғылыми негізделген таксономиясы жасалып, толық қалыптасқан жүйесі орныға қойған жоқ.

Әртүрлі ғылыми еңбектер мен тәжірибелерді талдау нәтижесінде әдеби туризмнің келесі негізгі түрлерін айқындауға болады:



1-сурет – Әдеби туризмнің формалары

1-суретте көрсетілген әдеби туризмнің формалары экскурсиялық, білім беру, ойын-сауық болып үшке бөлінеді. Осы үш форманың өзі бірнеше түрге бөлінеді.

Экскурсиялық форма – әдеби туризмнің ең кең тараған және танымдық сипаты басым түрі. Бұл формада турист жазушының шығармашылық жолы, өмірбаяны және оның есімімен байланысты тарихи-мәдени нысандар туралы ақпарат алады.

Білім беру (оқыту) формасы – танымдық және ойын-сауық элементтерін біріктіретін әдеби туризмнің ерекше бағыты. Мұндай турлар түрлі оқу тренингтерімен, шетелдік және отандық мәдениеттерді зерделеуге арналған сабақтармен, сондай-ақ кітапханалар мен кітап дүкендеріне бару бағдарламаларымен толықтырылады. Бұл форма, әдетте, мектеп немесе жоғары оқу орны студенттері үшін ұйымдастырылады.

Ойын-сауық (рекреациялық) форма – театр қойылымдарына, әдеби шығарма желісі бойынша ұйымдастырылған сахналық көріністерге, әдеби фестивальдер мен мерекелерге қатысуды қамтитын әдеби туризмнің түрі. Мұнда көрермен әдебиетті өнердің басқа салаларымен ұштастыра отырып қабылдайды.

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

Экскурсиялық әдеби туризм өз кезегінде мазмұны мен мақсатына қарай бірнеше түрге бөлінеді:

Әдеби-өмірбаяндық туризм – белгілі жазушылардың өмірі мен шығармашылық қызметіне қатысты тарихи орындарда ұйымдастырылады. Мысалы, О. Бөкей, Қ. Ысқақ, Д. Әшімханов, Ә. Асқаров, т.б. жазушылар өмірге келген Катонқарағай өңіріне, К. Сегізбаев, Ұ. Есдәулет, Ғ. Байбатыров, т.б. қаламгерлердің туған жері Зайсанға саяхат жасау арқылы жүзеге асады.

Тарихи-әдеби туризм – белгілі бір аймақтағы әдебиеттің даму кезеңдерін ашуға бағытталған экскурсиялар. Мысалы, «Шығыс Қазақстанның әдеби картасы», «Әдеби Шығыс Қазақстан» сияқты бағыттар әдеби процестің аймақтық сипатын көрсетеді.

Жазушылардың саяхат маршруттарын қайталау. Бұл бағыт жазушылардың белгілі бір сапарларын немесе олардың жүріп өткен жолдарын туристік бағдар ретінде ұсынуға негізделген. Мысалы, С. Торайғыровтың Катонқарағайға, Тарбағатайға сапар бағыты.

Көркем-әдеби туризм – белгілі бір жазушының шығармаларында бейнеленген көркем кеңістікке саяхат жасауға негізделеді. Көркем мәтіннің оқиға желісімен байланысты жерлерге бару. Бұл туризм түрі әдеби шығармаларда сипатталған нақты орындарға саяхат жасауды көздейді. Мысалы, Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы бойынша көркем мәтін мен шынайы географиялық кеңістікті байланыстырады.

Білім беру бағытындағы әдеби турлар – әдеби және мәдени мұраны меңгеруге бағытталған оқу-танымдық сипаттағы сапарлар. Мысалы, О. Бөкей атындағы кітапханада, Шыңғыстайда тұрған О. Бөкейдің мұражай-үйінде өткізілетін сабақтар оқушылар мен студенттерге жазушының өмірі мен шығармашылығын нақты тарихи-мәдени контексте тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Ойын-сауық бағытындағы әдеби турлар көбіне фестивальдерге, театрландырылған көріністерге немесе әдеби тақырыптағы мәдени шараларға қатысуды қамтиды. Мұндай турларда интерактивті әдістер кеңінен қолданылады, туристер әдеби кейіпкерлер рөлінде әрекет етіп, шығармашылық ортаға ене алады.

Әдеби туризм көркем шығармаларды жаңа қырынан ұғынуға, әдеби білімді кеңейтуге, ұлттық және әлемдік әдеби мұрамен танысуға жол ашады. Сонымен бірге, қоршаған орта мен әлеуметтік жағдайдың өзгеруі адамға өзін қайта бағалауға, жаңа рухани тәжірибе жинақтауға және сапар барысында алған әсерлер мен эмоцияларды естелік ретінде сақтауға мүмкіндік береді.

Әдеби туризмнің аталған түрлері мәдени-танымдық, тәрбиелік және білімдік мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. Олар тұлғаның рухани дамуын қамтамасыз етіп, әдеби мұра мен ұлттық мәдениеттің сабақтастығын сақтауда маңызды рөл атқарады.

Әдеби туризм – тұлғаның рухани және мәдени дамуына, ұлттық құндылықтарды тануға, сондай-ақ әдеби мұра арқылы дүниетанымдық көкжиегін кеңейтуге бағытталған маңызды мәдени-танымдық қызмет түрі. Әдеби-танымдық туризм – бұл өзге мәдениеттермен, әдебиетпен танысу, оларды түсіну және қабылдау үдерісін қамтитын күрделі танымдық процесс. Мұндай туризм барысында адам өзге халықтардың тарихи-мәдени мұрасына, тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына және рухани құндылықтарына қызығушылық танытады. Нәтижесінде тұлғада әлемдік мәдениетке деген құрмет сезімі, мәдени әртүрлілікті бағалау қабілеті және толерантты көзқарас қалыптасады.

Мектеп оқушыларының әдеби туристік-өлкетану білімін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Әдеби туризм мен өлкетану мектеп оқушыларын жан-жақты тұлғалық дамуына, еңбекке, кәсіпке, қоғамдық пайдалы жұмысқа баулиды. Сонымен қатар, бұл туризм түрі тұлғаның өзін-өзі тануына, рухани дамуына және зияткерлік әлеуетін арттыруына ықпал етеді. Әдеби турлардың мазмұны көбінесе адамның интеллектуалдық сұраныстарын өтеуге бағытталады. Мұндай бағыттар арқылы саяхатшы белгілі бір дәуірдің мәдени және тарихи келбетін, жазушының өмірі мен шығармашылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік алады.

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

«Орта білім беру ұйымдарындағы туристік-өлкетану және экологиялық іс әрекет қазіргі қоғамда өзекті болып қала береді. Бұл Қазақстанда туристік индустрияны дамыту, оқушыларға туристік-өлкетану іс-әрекеті дағдыларын сіңіру қажеттілігімен байланысты. Туризм көптеген елдерде маңызды сала болып табылады және бұл сала бойынша білім беру туристік индустрия үшін мамандарды кәсіби дайындауға ықпал етеді» [9, 76-б.].

Мектеп оқушыларына арналған әдеби туризмге байланысты өткізілетін негізгі іс-шараларды төмендегі кестеден көруге болады (1-кесте).

1-кесте – Әдеби туризмге байланысты өткізілетін іс-шаралар

№	Іс-шара түрлері	Қызметі
1	Экскурсиялар	Тарихи орындарға, әдеби көрмелерге, мұражайларға, ескерткіштерге, кітапханаларға, театрға, ғылыми орталықтарға саяхаттар.
2	Дәрістер мен сабақтар	Әдебиетші маманның дәрістері, қаламгерлер шығармашылығына арналған сабақтар.
3	Әдеби көрме мен фестивальдар	Қаламгерлер шығармашылығы туралы әдеби көрмелер, ақын-жазушылар шығармашылығының фестивальдары.
4	Әдеби кештер	Ақын-жазушылар шығармашылығына арналған әдеби кештер.
5	Театр қойылымдары	Театрда қойылатын драмалық шығармалар.
6	Кітапхана таныстырылымдары	Қаламгердің жаңадан шыққан кітаптарының таныстырылымы.
7	Ғылыми конференциялар, симпозиумдар	Ғылыми конференцияларға, симпозиумға қатысу, мақалалар жариялау
8	Ғылыми зерттеу экспедициялары	Ғылыми зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру
9	Фольклорлық іс-тәжірибе	Елді жерді мекеннен ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау
10	Топонимикалық зерттеулер	Өңірдің жер-су атауларына қатысты зерттеулер жүргізу

Әдеби туризмнің іс-шараларының мақсаты – туристік орындарға сапарға шығу, көрікті жерлерді көру, елдің жердің тарихымен, топонимикасымен, аңыз әңгімелерімен, әдет-салтымен, өңірдің әдебиетімен, фольклорымен, мәдениетімен, сол өлкенің ақын-жазушылар шығармашылығымен танысу.

Мектеп оқушыларының әдеби туристік-өлкетану білімін қалыптастырудың технологиясы төмендегі 2 кестеде берілді (2-3-кестелер).

2-кесте – Әдеби туристік-өлкетану білімін қалыптастырудың моделі

Мақсаты	Мазмұндық компонент	Әдістер мен технологиялар	Ұйымдастыру формалары	Нәтиже
Мектеп оқушыларының әдеби туристік-өлкетану білімін қалыптастыру, ұлттық әдеби мұраға қызығушылық пен патриоттық құндылықтарды дамыту	Қазақ әдебиеті тұлғалары. Әдеби-тарихи орындар. Мұражайлар мен ескерткіштер. Өлкетану материалдары.	Экскурсиялық оқыту. Зерттеушілік әдіс. Жобалық жұмыс. Танымдық және шығармашылық жұмыстар.	Экскурсиялар. Дәрістер мен сабақтар. Әдеби көрмелер мен фестивальдар. Әдеби кештер. Театр қойылымдары. Кітапхана таныстырылымдары. Ғылыми конференциялар мен симпозиумдар. Ғылыми зерттеу экспедициялары.	Әдеби туризм және өлкетану бойынша білім қалыптасады. Зерттеушілік және шығармашылық қабілеттер дамиды. Туған жердің әдеби мұрасына құрмет артады.

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

3-кесте – Әдеби туристік-өлкетану білімін қалыптастырудың әдістемесі

Кезеңдер	Мақсаты	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Дайындық кезеңі	Әдеби туризм туралы бастапқы түсінік қалыптастыру	Әдеби тұлғалар, тарихи орындар туралы ақпарат береді	Ақпарат жинайды, талдайды
Танымдық кезең	Әдеби мұрамен тікелей таныстыру	Экскурсиялар мен мәдени іс-шаралар ұйымдастырады	Мұражай, тарихи орындарды зерттейді
Зерттеу кезеңі	Ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту	Ғылыми жобалар мен экспедициялар ұйымдастырады	Зерттеу жұмыстарын жүргізеді\
Шығармашылық кезең	Әдеби мұраны насихаттау	Әдеби кештер, фестивальдар өткізеді	Шығармашылық жұмыстар жасайды
Қорытынды кезең	Білімді бағалау және нәтижені көрсету	Конференциялар ұйымдастырады	Баяндамалар жасап, мақалалар жариялайды

«Мектеп өлкетануы – мектептердегі оқу бағдарламалары және олардан тыс атқарылатын туған өлкеге қатысты жұмыстар бойынша материалдар негізінде білімді жетілдіруге, сондай-ақ әр түрлі туристік-өлкетану шаралары барысында түрлі тәрбие түрлерін беруге байланысты жұмыстар», - деп, анықтама берілген [9, 60-б.].

Мектеп өлкетануы бойынша маңызды жұмыс формасы – кітапхана жұмысы. Кітапхана сыныптан тыс өлкетану жұмыстарына жатады.

Кітапханалық іс-шараның басты мақсаты – оқушыларды туған өлкенің әдеби мұрасымен таныстыру, жергілікті жазушылардың шығармашылығын, белгілі географиялық нысандармен байланысты аңыздар мен әпсаналарды зерттеу арқылы әдеби туризмге қызығушылығын арттыру және оны туған мәдениетті танудың бір тәсілі ретінде қалыптастыру.

Іс-шараның негізгі міндеттері:

Өңірдің тарихы мен мәдениетін бейнелейтін әдеби шығармалармен оқушыларды таныстыру;

Көркем сөз бен географиялық кеңістіктің өзара байланысын ашу;

Оқушылардың зерттеушілік және жобалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру;

Туған өлкені мәдени тұрғыда тану арқылы оқушылардың патриоттық және эстетикалық сезімдерін дамыту.

Өткізу әдістемесі.

Іс-шара интерактивті форматта өткізіліп, бірнеше кезеңнен тұрады:

Кіріспе бөлім – кітапханашы оқушыларды «әдеби өлкетану» ұғымымен және оның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызымен таныстырады.

Презентациялық бөлім – «Менің өлкемнің әдеби картасы» атты кітап-иллюстрациялық көрме ұйымдастырылады. Онда жергілікті авторлардың шығармалары, өмірбаяндық мәліметтер, фотосуреттер мен мұрағаттық құжаттар ұсынылады.

Туристік-танымдық элемент – өңірдің әдеби орындарына (жазушылар мұражайлары, ескерткіш нысандар, әдебиетте сипатталған табиғи аймақтар) виртуалды немесе нақты саяхат жасалады.

Шығармашылық бөлім – викториналар, әдеби шығармалардан үзінді оқу, шағын әдеби-өлкетанулық зерттеулер мен «Туған қаламның әдеби картасы» атты шығармашылық байқау өткізіледі.

Нәтижелер мен маңызы.

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

Іс-шараны жүзеге асыру оқушыларда өңірдің әдеби үдерісі туралы тұтас түсінік қалыптастыруға, туған мәдениет пен тарихқа деген қызығушылығын арттыруға және оқуға деген ынтасын күшейтуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Әдеби өлкетану мен туристік қызметтің үйлесуі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, бұл іс-шара оқушылардың көркем мәтінді мәдени-тарихи контексте талдай алу қабілетін жетілдіреді, бұл гуманитарлық білімнің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Осылайша, кітапхана ұйымдастырған әдеби туристік-өлкетану бағытындағы іс-шара білім беру мен мәдени-ағартушылық қызметтің тиімді біріктірілген формасы болып табылады. Бұл іс-шара тұлғаның рухани дамуына, туған жер мен ұлттық мәдениетке сүйіспеншілікті тәрбиелеуге, сондай-ақ оқырмандық құзыреттілікті және азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал ететін маңызды әлеуметтік қызмет атқарады.

Әдеби туристік-өлкетану көркем әдебиет авторларын, олардың шығармашылық мұрасын, сондай-ақ аймақтық әдеби дәстүрлерді құрметтеу мен зерделеуге бағытталған мәдени-танымдық құбылыс болып табылады. Бұл бағыт әдебиет пен туризмнің өзара ықпалдастығы негізінде тұлғаның рухани дамуына және мәдени сана-сезімінің кеңеюіне ықпал етеді.

Қоғамымыздың руханияты, интеллектуалы мен мәдениетінің өсуі, отандық ғылым деңгейінің биіктеуі, жаңадан табылып ғылыми айналымға енгізілген әдеби жәдігерлердің молдығы, сондай-ақ әлемдік ғылым даму тенденциялары Шығыс Қазақстан өңірінің әдеби мұралары арқылы туризмді дамытудың жолдарын зерттеу мен ғылыми сипаттамасын жасауды талап етеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала AP26199899 «Шығыс Қазақстанның әдеби және лингвистикалық туризмінің аймақтық интеграциясы: топонимдердің этимологиясы мен мекендік аңыздарды цифрландыру» атты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен мақсатты бағдарламалық ғылыми жоба аясында дайындалған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. [Электронды ресурс]. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659 (қаралған күні 09.09.2025)
2. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.К. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы: 1С сервис ЖШС, 2005. – 240 б.
3. Бияров Б.Н. Өр Алтайдың жер-су аттары: монография. – Алматы: Эверо, 2019. – 192 б.
4. Алимхан А.А., Қайырбаева Ж.Қ. Шығыс Қазақстан ономастикасы: оқу құралы. – Өскемен: Берел, 2021. – 147 б.
5. Қойбақова А.С. Қытай және қазақ тіліндегі топонимдік атаулардың лексика семантикалық топтастырылу // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 153-162. https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.12
6. Қасқабасов С. Елзерде. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.
7. Келгембаева Б. Ел мен жер тарихы: Шығыс Қазақстанның аңыздық прозасы. – Өскемен: Медия-Альянс, 2006. – 168 б.
8. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №262 қаулысы. [Электронды ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262 (қаралған күні 12.08.2025)

9. Силаева Т.А. Литературный туризм как специализированный подвид культурно-познавательного туризма // Вестник Российского нового университета. Серия: человек и общество. - 2013. – №2. – С. 201-204.
10. Kocoglu E., Eguz S., Avcu K.M. The preservation of cultural heritage in the context of tourism: The role of social studies education in Türkiye // Problems of education in the 21st century. – 2024. – Vol. 82, №6. – P. 851-868. https://doi.org/10.33225/pec/24.82.851
11. Babayigit M.V., Cizreliogullari M.N. The linguistic dimension of tourism: language preservation, cultural heritage, identity, and sustainadility // I. Bilsel Uluslararasi Midas Bilimsel Araştirmalar Kongresi. Turkiye, Eskisehir. – 2025. – P. 195-203.
12. Wang X., Sirisuk M. Research on Cultural Tourism Space and Educational Role of Shifosi Village in the Context of Rural Revitalization in China // International Journal of Education and Literacy Studies. – 2025. – Т. 13, №2. – P. 419-425.
13. Ngo Sy Trung, Le Ngoc Hai, Tran Thi Tuyet Mai. Developing Cultural Resources and Cultural Tourism in Vietnam // Journal of Information Systems Engineering and Management. – 2025. – №10(41s). – P. 921-930. https://doi.org/10.55267/iadt
14. Орта білім беру ұйымдарында туристік өлкетану және экологиялық іс-әрекеттерді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 240 б.
15. Гуров С.А., Страчкова Н.В., Алексеенко М.А. Литературный туризм: систематика и географические тенденции развития // Ученые записки Крымского федерального университета имени В.И. Вернадского. География. Геология. – 2018. – №4 (70). – С. 3-16.

REFERENCES

1. Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyn «Adiletti Qazaqstan: zan men tartip, ekonomikalyq osim, qogamdyq optimizm» atty Qazaqstan halqyna Zholdauy [Address of the head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan "fair Kazakhstan: law and order, economic growth, public optimism"]. [Electronic resource]. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659 (date of access 09.09.2025) [in Kazakh]
2. Madieva G.B., Imanberdieva S.K. Onomastika: zertteu maseleleri [Onomastics: research problems]. – Almaty: 1S servis JShS, 2005. – 240 b. [in Kazakh]
3. Biarov B.N. Or Altaidyn zher-su attary: monografia [Toponyms of the Ural Altai: monograph]. – Almaty: Evero, 2019. – 192 b. [in Kazakh]
4. Alimhan A.A., Qaiyrbaeva Zh.Q. Shygys Qazaqstan onomastikasy: oqu quraly [Onomastics of East Kazakhstan: textbook]. – Oskemen: Berel, 2021. – 147 b. [in Kazakh]
5. Qoibaqova A.S. Qytai zhane qazaq tilindegi toponimdik ataulardyn leksika semantikalyq toptastyrylu [Lexical semantic grouping of toponymic names in Chinese and Kazakh] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2023. – №2 (128). – B. 153-162. https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.12 [in Kazakh]
6. Qasqabasov S. Elzerde [Elzerde]. – Almaty: Zhibek zholy, 2008. – 504 b. [in Kazakh]
7. Kelgembaeva B. El men zher tarihy: Shygys Qazaqstannyn anyzdyq prozasy [History of the country and land: Legendary prose of Eastern Kazakhstan]. – Oskemen: Media-Alians, 2006. – 168 b. [in Kazakh]
8. Qazaqstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2023-2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylgy 28 nauryzdagy №262 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 262 of March 28, 2023 on approval of the Concept for the Development of the Tourism Industry of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. [Electronic resource]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262 (date of access 12.08.2025) [in Kazakh]
9. Silaeva T.A. Literaturnyi turizm kak specializirovannyi podvid kulturno-poznavatelnogo turizma [Literary tourism as a specialized subspecies of cultural and educational tourism] // Vestnik Rossiskogo novogo universiteta. Seria: chelovek i obshestvo. – 2013. – №2. – S. 201-204. [in Russian]
10. Kocoglu E., Eguz S., Avcu K.M. The preservation of cultural heritage in the context of tourism: The role of social studies education in Türkiye // Problems of education in the 21st century. – 2024. – Vol. 82, №6. – R. 851-868. https://doi.org/10.33225/pec/24.82.851

11. Babayigit M.V., Cizreliogullari M.N. The linguistic dimension of tourism: language preservation, cultural heritage, identity, and sustainadility // I. Bilsel Uluslararasi Midas Bilimsel Araştirmalar Kongresi. Turkiye, Eskisehir. – 2025. – P. 195-203.
12. Wang X., Sirisuk M. Research on Cultural Tourism Space and Educational Role of Shifosi Village in the Context of Rural Revitalization in China // International Journal of Education and Literacy Studies. – 2025. – T. 13, №2. – P. 419-425.
13. Ngo Sy Trung, Le Ngoc Hai, Tran Thi Tuyet Mai. Developing Cultural Resources and Cultural Tourism in Vietnam // Journal of Information Systems Engineering and Management. – 2025. – №10(41s). – R. 921-930. https://doi.org/10.55267/iadt
14. Orta bilim beru uiymdarynda turistik olketanu zhane ekologialyq is-areketterdi uiymdastyru boiynsha adistemelik usynymdar [Methodological recommendations on the organization of tourist local history and environmental activities in organizations of Secondary Education]. – Astana: Y. Altynsarin atyndagy UBA, 2024. – 240 b. [in Kazakh]
15. Gurov S.A., Strachkova N.V., Alekseenko M.A. Literaturnyi turizm: sistematika i geograficheskie tendencii razvitia [Literary tourism: systematics and geographical development trends] // Uchenye zapiski Krymskogo federalnogo universiteta imeni V.I. Vernadskogo. Geografia. Geologia. – 2018. – №4 (70). – S. 3-16. [in Russian]

Ways of Forming Literary Tourism and Local History Education at School

Abstract. The article examines the theoretical and methodological foundations for developing literary and tourist knowledge and competencies among school students. The study is conducted within the framework of current priorities for the development of tourism in the Republic of Kazakhstan, particularly focusing on spiritual, cultural, and literary tourism. The author substantiates the necessity of studying East Kazakhstan as a region with high natural, historical, cultural, and educational potential, emphasizing its significance for the advancement of literary and linguistic tourism.

The research analyzes effective ways of integrating cultural and historical monuments, sacred sites, toponyms, and related legends into the educational process. It is noted that, despite the existence of tourist routes, there is a lack of comprehensive literary, regional, and toponymic guides as well as digital resources. In this context, it is argued that studying the origins of the toponyms of East Kazakhstan, their semantic characteristics, and the legends connected with them plays an important role in the development of literary and linguistic tourism in the region.

Particular attention is paid to the role of literary and tourist education in shaping students' understanding of national values, moral principles, and interest in the history of their homeland. The article provides a scientific rationale for the educational and cognitive functions of literary tourism and its influence on the spiritual and cultural development of the individual. The main forms and directions of literary tourism are systematized, and the structure and content of excursion and local-history activities integrated into school education are described.

A separate section focuses on the role of school libraries as centers of literary, local history, and cultural-educational work. It is demonstrated that library-based literary and tourist activities contribute to the development of students' creative thinking, cognitive engagement, and love for their native land. The author also outlines methodological approaches to organizing literary and tourist events for students based on scientific principles.

Keywords: literary tourism, local history, school, literary heritage, place name, legends.

Пути формирования литературного туристско-краеведческого образования в школе

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические и методико-практические основы формирования у школьников литературно-туристических знаний и компетенций. Исследование проводится в контексте актуальных задач развития туризма в Республике Казахстан, в частности духовно-культурного и литературного туризма. Автор обосновывает необходимость изучения Восточного Казахстана как региона с высоким природным, историко-культурным и образовательным

ISSN-p 3107-3115
ISSN-e 3107-3123

потенциалом, акцентируя внимание на возможностях его развития в рамках литературного и лингвистического туризма.

В работе анализируются пути эффективного использования культурных и исторических памятников, священных мест, топонимов и связанных с ними легенд в образовательном процессе. Отмечается, что, несмотря на наличие туристических маршрутов, в регионе отсутствуют комплексные литературно-краеведческие и топонимические путеводители и цифровые ресурсы. В этой связи обосновывается, что исследование происхождения топонимов Восточного Казахстана, их семантических особенностей и связанных с ними легенд играет важную роль в развитии литературного и лингвистического туризма региона.

Особое внимание уделено роли литературно-туристического образования школьников в формировании их национальных ценностей, духовно-нравственных ориентиров и интереса к истории родного края. Научно обоснованы воспитательная и познавательная функции литературного туризма, его влияние на духовное и культурное развитие личности. В статье систематизированы основные формы и направления литературного туризма, раскрыта структура и содержание экскурсионных и краеведческих мероприятий, интегрируемых в образовательный процесс школы.

Отдельный раздел посвящён деятельности школьных библиотек как центров литературно-краеведческой и культурно-просветительской работы. Показано, что библиотечные формы литературно-туристической деятельности способствуют развитию творческого мышления учащихся, повышению их познавательной активности и формированию любви к родному краю. Автор обосновывает методические подходы к организации литературно-туристических мероприятий для школьников на научной основе.

Ключевые слова: литературный туризм, туристско-краеведение, школа, литературное наследие, топоним, легенды.

Авторлар туралы мәлімет

Құрманбекұлы Қ. – *PhD докторант, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, e-mail: Kuandyk_kur@mail.ru*, *Қазақстан, Өскемен қ.*

Картаева А.М. – *корреспондент-автор, филология ғылымдарының докторы, профессор, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, e-mail: kartaeva2011@mail.ru, Қазақстан, Өскемен қ.*

Барбосынова Қ.Т. – *аға оқытушы, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, e-mail: vesy.26@mail.ru*, *Қазақстан, Өскемен қ.*

Information about the authors

Kurmanbekuly K. – *PhD Doctoral Student, S. Amanzholov East Kazakhstan University, e-mail: Kuandyk_kur@mail.ru, Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk.*

Kartaeva A.M. – *The Corresponding Author, Doctor of Philological Sciences, Professor, S. Amanzholov East Kazakhstan University, e-mail: kartaeva2011@mail.ru, Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk.*

Barbosynova K.T. – *Senior Lecturer, S. Amanzholov East Kazakhstan University, e-mail: vesy.26@mail.ru, Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk.*

Сведения об авторах

Курманбекулы К. – *PhD докторант, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, e-mail: Kuandyk_kur@mail.ru, Казахстан г. Усть-Каменогорск.*

Картаева А.М. – *автор-корреспондент, доктор филологических наук, профессор, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, e-mail: kartaeva2011@mail.ru, Казахстан г. Усть-Каменогорск.*

Барбосынова К.Т. – *старший преподаватель, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, e-mail: vesy.26@mail.ru, Казахстан г. Усть-Каменогорск.*